

## Дөңгелекті тракторларды беру және бірлесіп шығару жөнінде ұсыныстар дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 21 маусым N 84-ө

"Минск трактор зауыты" өндірістік бірлестігімен дөңгелекті тракторларды беру және бірлесіп шығару туралы мәселелерді шешуді жеделдету мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Аймақов Бауыржан - Қазақстан Республикасының  
Жаңабекұлы Инвестициялар жөніндегі  
агенттігі Экономиканың  
басымдықты секторындағы  
инвестициялар дирекциясының  
директоры

Қойбалин Ермек - Қазақстан Республикасы  
Хайруллаұлы Энергетика, индустрия және сауда  
министрлігінің машина жасау  
кешенін реформалау және  
импортты алмастырушы өндірісті  
дамыту басқармасы бастығының орынбасары

Ғалямов Раис - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Минуханұлы шаруашылығы министрлігі  
инженерлік-техникалық  
инфрақұрылымдар бөлімінің бастығы

Сүлейменов Мұратбек - "Қазақстантрактор" АҚ  
Ғарифоллаұлы директорлар кеңесінің төрағасы  
(келісім бойынша)

Чернов Алексей Петрович - "Қазақстантрактор" АҚ бас  
конструкторы (келісім бойынша)

Лучко Николай Иванович - "Қазақстантрактор" АҚ бас  
инженерінің орынбасары (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 1999 жылдың 10 шілдесіне кейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Минск трактор зауыты" өндірістік бірлестігімен пысықталған дөңгелекті тракторларды беру және бірлесіп шығару туралы ұсыныс енгізсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.